



КПО «Жыл жобасы» аталымы бойынша тағы да жеңімпаз атанды

2009 жылдың желтоқсан айының аяғында Ақсай қаласындағы «Арман» мейрамханасында жергілікті «Радио Ақсай» радиостанциясының бастамасы бойынша өткізілетін «Жыл адамы» дәстүрлі байқауы өтті. Кештің құрметті қонақтары мен шақырылғандар арасында Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов, Ақсайда жұмыс жасап жатқан ірі компаниялардың өкілдері, әртістер мен спортшылар болды. Байқаудың негізгі мақсаты – ауданның, қоғамның дамуына өз үлесін қосқан лайықты адамдарды, жыл ішінде өздерін озық жақтарынан көрсете білгендерді, сол сияқты Ақсайда жүзеге асқан кезкелген компанияның әлеуметтік дамуға және тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған сәтті жобасын анықтау. Шараның ұйымдастырушылары әртүрлі аталымдар бойынша сыйлық

тағайындапты.

«Жыл адамы» сыйлығын тапсыруды ашу құрметі салтанатты түрде Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімовке берілді. «Жыл жобасы» аталымын жариялаған кешті жүргізушілер ірі бизнес пен мемлекеттің ынтымақтастығының бағыттарының бірі әлеуметтік жобалар екенін айтты. Міне, бірнеше жыл бойына Ақсай қаласында «Ақсай» радиостанциясында 2007 жылғы күзден басталған КПО-ның техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөлімі мен «Радио-Ақсай» ЖШС арасында «Бағдаршам» атты бірлескен жоба жемісті жүзеге асып келеді. Бұл бағдарлама мектеп оқушыларына арналған және ол бөрінен бұрын жол-көлік апаттарының алдын алу мен жолдарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Байқау төралқасының дауыс беру қорытындысы бойынша КПО-ның техника қауіпсіздігі корпоративті бөлімі «Жыл жобасы» аталымының жеңімпазы болып табылды. Награданы КПО компаниясының атынан техника қауіпсіздігінің корпоративті бөлімінің менеджері Рикардо Бандини алды. Марапатты Бөрлі ауданының әкімі Болат Шәкімов тапсырды.

Марапатты қабылдап алу кезінде Рикардо Бандини байқаудың ұйымдастырушыларына марапат үшін алғыс айтты және КПО компаниясының өздерінің техника қауіпсіздігінің жөніндегі жетістіктерімен мақтанатынын жеткізді. КПО компаниясының негізгі мақсаттарының бірі – КПО компаниясының қызметкерлерінің ғана емес, оның мердігерлерінің, және де бүкіл Ақсай қаласының тұрғындарының қауіпсіздігі болып табылады.

КПО «Өз ісіне адалдығы үшін» наградасымен марапатталды

Бизнес халықтың әлеуметтік мәселелерінің шешілуіне белсенді түрде араласуы қажет және қазақстандықтардың өмірін жақсарту үшін қолдан келгенін бәрін жасауы керек. Мұнсыз жақсы еңбек көрсеткішіне, өндірістің бір қалыпты өсіп келе жатқан көлеміне қол жеткізу мүмкін емес. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл сөздерін «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» халықаралық консорциумы әлдеқашаннан басты назарға алып келеді. Қарашығанақ кен орнын игеріп жатқан ірі шетелдік мұнайгаз компанияларының альянсы өндірудің жаңа технологиясына ғана емес, адам капиталына да қаржы жұмсап отыр. Өйткені басты құндылық адамдар екенін жақсы біледі.

Қазақстанның «Союз «Атамекен» ұлттық экономикалық палатасы жеке бизнесінің өркендеуі мен оны қолдауға қосқан үлесі үшін жоғары награда тағайындады. 2009 жылдың 23 желтоқсанында Астанада өткен Қазақстанның тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты кеште «Өз ісіне адалдығы үшін» «Атамекен» құрметті медалі салтанатты жағдайда «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясына табыс етілді. Бұл шараға Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері, пар-



ламент депутаттары, салалық және аумақтық бизнес-ассоциациялардың және Қазақстандық кәсіпорындардың, сол сияқты республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары қатысты.

Бұл лайықты награда КПО компаниясы қызметінің мойындалуының алғашқы дәлелі емес. Желтоқсан айының басында Астана қаласында өткен «Парыз 2009» Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі

бойынша қорытындылау рәсімінде КПО «Үздік ұжымдық келісім-шарт» аталымы бойынша қола награда алған болатын. Және бұған таң қалуға да болмайды. Компанияның басшылығы өз қызметкерлерінің жағдайын жақсартуға және еңбек жағдайларын жақсартуға көп көңіл бөледі. Экономикалық дағдарысқа қарамастан мамандар айлық жалақыларын уақтылы алады, оларға тегін дәрігерлік көмек көрсетіледі, денсаулықтарын санаторийлерде түзей алады. Ақсай қаласында қызметкерлерді оқыту орталығы жұмыс жасайды.

Онда жыл сайын КПО-ның қаржысына мындаған қазақстандық оқып, кәсіби білімін жетілдіріп отырады. Кәсіпорында төлігерлік бағдарламасы жүзеге асырылады. Оның шеңберінде шетелдік және отандық мамандар арасында тәжірибе мен білім алмасу жүргізіледі. «Атамекен» медалінің Ережесі бойынша Қазақстанның бизнес қауымдастығының ынтымақты мүдделерін жүзеге асыру саласындағы қомақты еңбектері аталуы қажет. Соның ішінде: кезек күттірмес инновациялық және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, жаңа технологияны жемісті меңгеру, еңбек өнімділігін өдеуі артыруға алып келетін компанияны қайта жарақтандыру, индустриалды және қаржылық диверси-

фикация, кәсіпорын қызметінің қаржылық және өндірістік ірі көрсеткіштері, қазақстандық кәсіпкерлердің іскерлік кооперацияларының ықпалы.

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясына өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауды жақсартудың арқасында қазақстан экономикасының тұрақты өркендеуіне үлес қосуды жүзеге асырып келеді. КПО көптеген экологиялық жобаларды жүзеге асырып келеді. Өндірістік нысандарда халықаралық талаптар мен стандарттардың талабына сай тазалауыш құрылғылар орнатылған. КПО жолайғы газды жоюды 99,6 пайызға жеткізді. Ал бұл дегеніңіз бүкіл әлемдегі ең жоғары көрсеткіштің бірі болып табылады. Экономикалық өркендеу мен екі жақты пайдалы халықаралық ынтымақтастық ескерілмей қалған жоқ. Жыл сайын лайықты компанияларды таңдаудың «Союз «Атамекен» Ұлттық экономикалық палата КПО компаниясына орынды тоқтады. «Атамекен» құрметті наградасы еліміздің игілігі жолындағы адал еңбегіне берілген. Осы кезекті награда бизнесті өрі қарай дамытуға тамаша стимул болып, келесі жылы КПО қазақстандықтарды жоғары өндірістік көрсеткіштерімен тағы да қуантады деп сенгіміз келеді.

Соңғы үш жылда КПО-да техника қауіпсіздігі көрсеткіші өдеуір жақсарды. Қазіргі уақытта КПО компаниясында басшылар құрамы ауысты. Компанияның жаңа директорлары өндірістегі техника қауіпсіздігі көрсеткішін жоғарылатуға, сол сияқты КПО-дағы қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қолдау көрсете бермекші.

Өткен жылдың 10 желтоқсанында КПО компаниясының бастамасы бойынша ЕБ, ТҚ және ҚОҚ бойынша КПО-ның әртүрлі департаменттерінің өкілдері мен КПО-ның мердігерлік ұйымдарының басшыларының қатысуымен жұмыс семинары болып өтті. Жиналыс Ақсай қаласындағы Чех қалашығында өтті.

Ұйымдастырушылардың айтуынша шараның негізгі мақсаты - 2010 жылға техника қауіпсіздігін қамту мәселелерін талқылау.

Семинарды КПО-ның өндіріс жөніндегі директоры Грэхам Скоттон ашты, өндірістегі ТҚ ережелерінің сақталуының маңыздылығы туралы баяндама жасады,

КПО өз мердігерлері үшін ТҚ семинарын өткізеді

компания басшыларының техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жоспарларымен бөлісті, сол сияқты семинарға қатысушыларды ТҚ бойынша бұдан бұрын жүргізілген анализ бойынша аспектілерімен таныстырды.

«ТҚ бойынша анализ жасаудың мақсаты - КПО мен мердігерлік компаниялардың қызметкерлерінің назарын өздерінің қауіпсіздігі үшін өздері жауапты екендігіне тағы да бір рет аудару. Олардың әрқайсысының жеке араласуы ғана өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеседі және апатты немесе бақытсыз жағдайдың алдын алады. Жұмыс біткеннен кейін кім-кімнің де үйлеріне дені сау, дін аман қайтуы үшін барлық жағдай жасалынуы қажет. Ол үшін КПО-ның және мердігерлік компанияның әрбір жұмысшысы қызметкері жауапты екенін түсіну өте маңызды», - деді Грэхам Скоттон.

Грэхам апаттар статистикасына тоқтала келіп, ол апаттың алдын ала алмайды, бірақ жарақат алу мен өлеуетті қауіпті апаттардың санының өсу тенденциясы туралы куәлік бере алады.

Өткізілген жиынның негізгі әңгімесі мынаған сайды: «Біздің әрқайсымыз өзіміздің жеке басымыздың және әріптестеріміздің қауіпсіздігін жауап береміз. Қауіпсіздік КПО компаниясының әрбір қызметкері үшін, компанияның ең жоғары басшылығынан бастап тікелей жұмысты атқарушылар үшін де міндетті болып табылады. Біздің барлығымыз да өзінің жеке басының және әріптестерінің қауіпсіздігіне, сол сияқты жұмыстың қауіпсіз түрде орындалуы үшін жауаптымыз».

КПО өкілдерімен қатар семинарда КПО-ның ЕБ, ТҚ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту бағытындағы ағымдағы мақсаттары мен бастамаларын қолдау



үшін мердігерлік компаниялардың басшылары да сөз сөйледі. Мердігерлік компаниялардың өкілдері өз сөздерінде өздерінің 2010 жылға арналған бастамалары мен ұсынбаларын айтты. Олардың пікірін бұл ұсыныстар жарақаттардың саны мен дәрежесі тенденциясын, сол

сияқты өндіріс учаскелерінде әлеуетті қауіпті апаттар тенденциясын өзгертуге жағдай туғызады.

Семинар аяқталғаннан кейін мердігерлік компаниялардың барлық қатысушылары осы шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын айтты.



Шеврон компаниясының делегациясы Қарашығанақта болды

Қаңтар айының 20 мен 22 аралығында Қарашығанақ кен орнына Шеврон компаниясының Қарашығанақ жобасы бойынша бас менеджері Дерек Магнис бастаған өкілетті делегациясы келіп кетті. Делегацияның құрамында Қарашығанақ жобасының менеджері Виктор Рузерфорд, активтерді басқару жөніндегі менеджер Рик Овенс және оның орнына жаңа қызметке келген Кэйл Уэб болды.

Шеврон компаниясы делегациясының негізгі мақсаты – Қарашығанақ кен орнының аумағында орналасқан КПО-ның

өндірістік нысандарымен және КПО компаниясының ағымдағы өндірістік қызметімен танысу, сол сияқты КПО компаниясының Жобада қолданып жатқан кен орнын игерудегі озық әдіс-тәсілдерді талқылау үшін компания басшыларымен кездесу.

Кездесу барысында Шевронның өкілдері кен орнының өндірістік нысандарын аралап, Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК), ГП-2-де болды, сол сияқты 4-ші технологиялық желінің ағымдағы құрылысымен танысты. Бұдан басқа Шевронның өкілдері өз

әріптестерімен, яғни басқа да акционер компаниялардың өкілдерімен бірге КПО компаниясында кен орнын игеруге қатысып жатқан Шеврон компаниясының өкілдерімен де кездесті.

Сондай-ақ Шеврон компаниясының өкілдері үшін КПО-ның жергілікті қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, онда жоғары мәртебелі қонақтарға Қарашығанақ кен орнын дамытудың негізгі аспектілеріне қатысты, сол сияқты оның аймақтың әлеуметтік-экономикалық саласына қосар үлесі туралы толықтай мәлімет берілді.

«Bon appétit», - дейді Антонио

Ақсай қаласындағы вахталық Чех қалашында орналасқан асхананың бас аспазы Антонио Салваторе Фоиз Қарашығанақ жобасында бірнеше жылдан бері жұмыс жасайды. Ол жоғары категориялы аспаз. Өз ісін сүйгендігі сондай, әртүрлі тағам түрлерін пісіргенді жақсы көреді, сол арқылы адамдарға қуаныш сыйлайды. Антонионың міндетіне Қарашығанақ кен орнында вахталық әдіспен жұмыс жасайтын мыңдаған адамдарға тамақ дайындау кіреді.



Антонио тамақ пісіруді жақсы көріп қана қоймайды, сонымен бірге өз рецептілерімен және бай тәжірибесімен қазақстандық әріптестерімен бөлісіп отырады және олар да үлкен ықыласпен атақты әріптестерінен үйреніп келеді.

Антонио көз тартарлық, әрі тәбет ашарлық, сонымен бірге қарапайым, әрі жаңа дайындалған, ал ең бастысы демеушілікке өте пайдалы бір дәмді тағамды дайындап болғанда ерекше мақтанш сезімде болады. Антонионың басты принципі – дәмді, әрі құнарлы тамақ дайындау жолдары қарапайым, әрі табиғи болуы, адамдармен ашық, ізгі қарым-қатынас болуы шарт, осы арқылы ол Чех қалашығы тұрғындары арасында танымал, әрі құрметті. Антонионың қолынан дайындалған тағам шынында да тіл үйіреді. Антонионың әзірлеген тағамын татқан адам таңдай қақпай тұра алмайды.

Антонио өзі туралы былай дейді: «Тағам әзірлеу процесі маған ләззат әкеліп қана қоймайды, мен бұл уақытта біртүрлі демалып та қаламын. Мен өзімді бақытты санаймын, өйткені адамдарға қуаныш сыйлаймын, өзімнің сүйікті ісіммен айналысамын және де ол менің жұмысым болып табылады. Көп адамға тамақ дайындау – бұл өте күрделі нәрсе. Бірақ аспаз мамандығын тандаған екенсің, сен өз ісінді жетік білуге тиіс екенінді атап айтқым келеді. Мен әрбір жеке адамның талғамына сай келіп отыру қиын екенін білемін, бірақ та қатты тырысуға тура келеді. Кез келген тағам дәмді, ал ең бастысы, пайдалы, әрі құнарлы болуы керек. Тағамды адамға ұсынудың өзінің маңызды орны бар.

Берілген мүмкіндікті пайдалана отырып, мен өзімнің әріптестеріммен бірге Чех қалашығындағы асханада жылы ұядай жағдайды жасауға бар күшімізді салатынымызды қоса айтқым келеді. Өзінің туған ошағынан алыста жүрген әрбір адам бізге келгенде өз үйіндегідей жылылықты сезінуі қажет».

Шеберлік шыңына



Жаңа 2010 жылдың қарсаңында Астана қаласында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған шинкиокушинкай каратэсі бойынша XVI Ашық Қысық Чемпионат болып өтті. Онда Қазақстанның әртүрлі аймақтары мен ТМД елдерінен 400 каратэші қатысты. Ақсайлық команда Лейла Бекежанова (10 жас), Дмитрий Кияшевский (11 жас), Жақсылық Құтмұратовтар (14 жас). Олардың барлығы да «Батыс Қазақстан каратэ шинкиокушинкай облыстық федерациясы» Қоғамдық бірлестігінің спортшылары болып табылады.

Жоғарыда аталған оқушылармен бірге үлкендер арасындағы 80 келіге дейінгі салмақта осы чемпионатқа КПО-ның қызметкері, қара белбеу иесі Нұрлан Назарбаев қатысып, 3-орынға ие болғанын атап айтуға болады.

Екіншіке орай, өздерінің жас және салмақ категориялары бойынша шыққан біздің каратэшілеріміз жартылай финалға жете алмады, бірақ олар жақсы өнер көрсетті.

«Батыс Қазақстан каратэ шинкиокушинкай облыстық федерациясы» Қоғамдық бірлестігінің атынан Нұрлан Назарбаев КПО-ның кәсіподақ комитетіне, №4 орта мектептің директоры М.К. Махауоваға, сол сияқты КПО-ның демеушілік комитетіне қолдау көрсеткендері үшін алғыс айтты.

Алда біздің спортшыларды жарыстарға қызу дайындық күтіп тұр. Каратэшілеріміздің алға қойған мақсаттарына жетуіне, спортта жақсы жетістіктер мен биік асуларды алуларына тілектеспіз.

№28 Өрт сөндіру бөлімі жеңімпаз деп танылды

6 қаңтар күні КПО-ның Апатты жою бөлімі Қарашығанақ қайта өңдеу кешенінде (КПК) «үздік өрт сөндіру бөлімі» атағы үшін жыл сайын өткізілетін байқау бойынша жыл қорытындысын өткізді.

2009 жылдың тоқсан сайынғы және жылдық бағалаулары бойынша УКПГ-2 №28 өрт сөндіру бөлімі озық нәтижелер көрсеткен. Байқаудың дәстүрлі трофейі «Өрт сөндірушінің алтын балтасын» жеңімпаздарға КПО-ның Апатты жою бөлімінің жетекшісі Александр Охрименко тапсырды. Марапаттау салтанаты кезінде №28 өрт сөндіру бөлімі жыл бойына жоғары кәсібилігін, жобадағы әртүрлі апатты жағдайларды жоюға толық оперативті дайындығын тұрақты көрсетіп отырғаны атап көрсетілді.

Сол сияқты марапаттау рәсіміне УКПГ-2 менеджері Джон Фрост, УКПГ-2 менеджерінің орынбасары Ержан Қанатов, АСС ауысым жетекшісі Сергей Кузнецкин, БҚО «Өрт сөндіруші» АҚ филиалының директоры С.Кузнецбаев, БҚО «Өрт сөндіруші» АҚ филиалының директорының орынбасары Н.Маштаков, тағы басқа да ресми адамдар қатысты.



Рәсімге қатысқан КПО өкілдері де 2009 жылдың қорытындысы бойынша өрт сөндірушілердің жұмыстарына оң баға берді.

Қарашығанақ кен орны аумағында орналасқан өрт сөндіру бөлімінің өртті сөндіруге және апаттан құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған жаңа заманға сай техникамен жабдықталғанын айта кету керек. Бұдан басқа жеке құрам жеке дара қорғану құралдарымен қамтамасыз етілген. Қызметкерлерді психологиялық жағынан дайындау

үшін бөлімде жаңа заманға сай, толықтай жабдықталған жылутүтінкамерасы бар. Ондағы жаттығу сабақтары өрт кезіндегі жағдайға барынша ұқсас етіп өткізіледі. Яғни даңғазашу эффектілері (ыңырсу, айғай, ғимараттың гүрсілдеп қирауы), көрініс эффектілері (түтін будақтары), жанға бату эффектілері (үйдің жоғары температурасы). Жеке құрамның демалысы үшін қажетті тұрмыстық бөлмелер бар (душ, ұйқы, демалыс бөлмелері, тренажерлік зал және т.б.).

